

Он жеті жасқа толатын азаматтарды әскери есепке тіркеуге алу жұмыстарын жүргізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы N 58 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2010 жылы 24 желтоқсанда N 10-1-159 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қаласы әкімінің 2012 жылғы 05 желтоқсандағы N 533 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қаласы әкімінің 2012.12.05 N 533 Шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі 3 а н д а р ы н а с ә й к е с **Ш Е Ш Е М І Н :**

1. Қызылорда қаласында 2011 жылдың қаңтар - наурыз айларында тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды әскерге шақыру учаскесінде әскери есепке тіркеу жұмыстары жүргізілсін.

2. Тіркеу жұмысын жүргізу үшін қалалық шақыру учаскесіндегі тіркеу комиссиясы (әрі қарай - комиссия) құрылсын және оның құрамы осы шешімнің 1 - қ о с ы м ш а с ы н а с ә й к е с б е к і т і л с і н .

3. Әскери есепке тіркеу кестесі осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес б е к і т і л с і н .

4. Қалалық шақыру учаскесінде есепке тіркеу комиссиясына жұмыс барысын және күн тәртібін айқындау ұсынылсын.

5. "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінен (келісім б о й ы н ш а):

1) Әскери есепке тіркеу үшін шақырылу учаскесінен өтетін азаматтардың денсаулығын куәландыруға дәрігерлер мен аяжандармен қамтамасыз ету;

2) Әскери есепке тіркелуге жататын азаматтардың денсаулығын тез арада қайта тексеруге, әрі емдеуге қаланың емдеу мекемелеріне нұсқау беру ұ с ы н ы л с ы н .

6. "Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Қызылорда қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасына есепке тұрған жұмыссыз азаматтардың ішінен өз еркімен

қоғамдық жұмысқа араласатын 40 (қырық) адам бөлу тапсырылсын.

7. "Қалалық ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) тіркеуге алу кезінде іздеу салу тобына және шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіп сақтауды қамтамасыз ету үшін қызметкерлерді бөлу ұсынылсын.

8. Қаладағы мемлекеттік мекеме және кәсіпорындар, мемлекеттік емес ұйым және оқу орындарының басшыларынан әскери есепке тіркелмеген әскери қызметке шақырылуға жататын жасы келген азаматтарды медициналық комиссиядан өту мерзімі барысында жұмыстан (сабақтан) дер кезінде босатылу с ұ р а л с ы н .

9. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

ҚАЛА ӘКІМІ

М. ЖАЙЫМБЕТОВ

"Келісілді"

Шамшырақов Сейтек Мирасбекович
Қызылорда қаласының қорғаныс істер
жөніндегі басқарма бастығы _____

"20" желтоқсан 2010 жыл.

"Келісілді"

Баймаханов Болат Бимендіұлы
Қызылорда облысының денсаулық
сақтау басқармасының бастығы _____

"20" желтоқсан 2010 жыл.

"Келісілді"

Шаймағамбетов Әмірбек Бердібекұлы
Қызылорда қалалық Ішкі істер
басқармасының бастығы _____

"20" желтоқсан 2010 жыл.

"Келісілді"

Турсынбаев Серікбай Сыздықұлы
Қызылорда қалалық "N 1-ші емхана" дәрігері _____

"20" желтоқсан 2010 жыл.

Қызылорда қаласы әкімінің
2010 жылғы 20 желтоқсандағы N 58
шешімімен бекітілген 1-қосымша

Қалалық шақыру учаскесінің тіркеу комиссиясының құрамы

Шамшираков Сейтек Мирасбекович	"Қызылорда қаласының қорғаныс істер жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы;(келісім бойынша);
--------------------------------	---

Жәлиев Нұрхан Бұқарбайұлы	Қала әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары;
Омаров Балтабай	Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасы бастығының қызмет жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі (келісім бойынша);
Тұрсынбаев Серікбай Сыздықұлы	N 1 қалалық емхана дәрігері, медициналық комиссияның төрағасы (келісім бойынша);
Алиакбарова Мафура Алиакбарқызы	N 1 қалалық емханасының медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша).

Қызылорда қаласы әкімінің
2010 жылғы желтоқсан N 58
шешімімен бекітілген 2-қосымша

АЗАМАТТАРДЫ ӘСКЕРИ ЕСЕПКЕ ТІРКЕУ ЖҰМЫСТАРЫ КЕСТЕСІ

Р/С	Орта мектептер мен арнаулы оқу орындарының аты	саны	ҚАҢТАР				
			10.01	11.01	12.01	13.01	14.01
1.	Қ.Мұхаметжанов атындағы N 1 мектеп-гимназиясы	33					
2.	"Мұрагер" мектебі	36					
3.	N 6 К.Маркс атындағы орта мектебі	18	+				
4.	N 8 П.Д. Осипенко орта мектебі	19			+		
5.	Ы. Алтынсарин атындағы N 10 орта мектебі	21		+			
6.	І. Қабылов атындағы N 12 орта мектебі	40					
7.	N 23 Ж.Кизатов атындағы орта мектебі	40					
8.	N 39 "Қызылөзек" орта мектебі	15					
9.	N 43 Махамбетов атындағы казак орта мектебі	28			+		
10.	N 112 орта мектебі	19					
11.	N 136 Т. Жүргенов атындағы казак орта мектебі	18					
12.	N 138 Абай атындағы орта мектебі	15					
13.	N 143 орта мектебі	18				+	
14.	N 144 С. Әлжіков атындағы казак орта мектебі	18					
15.	N 171 Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектебі	7					
16.	N 173 Ә.Молдағұлова атындағы орта мектебі	31					
17.	N 176 орта мектебі	13					
18.	N 187 М.Шоқай атындағы орта мектебі	28	+				
19.	N 197 орта мектебі	23					
20.	N 198 орта мектебі	29				+	
21.	А. Байтұрсынов атындағы N 211 орта мектебі	22					
22.	N 215 орта мектебі	4					
23.	N 217 Шалғынбаев атындағы орта мектебі	10					

31	Қызылорда аграрлық техникалық колледжі	75																
БАРЛЫҒЫ:		946	49	47	50	48	50	44	49	50	45	46	50	50	41	47	46	46
Р	Орта мектептер																	
/	мен арнаулы оқу	Саны НАУРЫЗ																
С	орындарының аты																	
			1.03	2.03	3.03	4.03	7.03	9.03	10.03	11.03	14.03	15.03	16.03	17.03	18.03	21.03	23.03	
1	Қазақстан Республикасының Қызылорда гуманитарлық заң колледжі	+		+		+		+										
2	"Абылай хан" атындағы колледжі	31								+								
3	Қызылорда Қызмет колледжі	14								+								
4	Қызылорда көпсалы гуманитарлық - техникалық колледжі	52							+	+								
5	Қызылорда медициналық колледжі	23									+							
6	И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық колледжі	150		+		+		+										
БАРЛЫҒЫ:		445	49	50	49	50	45	50	39	45	45	23						

Әскери есепке тіркеуге 2127 азаматтар жатады.